



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры
Ғ. ТҰРСЫНОВ

2025 жылғы « 10 » 09

**Өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен
5-10 сынып оқушыларына арналған «Тіл – тәуелсіздік тұғыры»
олимпиадасын өткізу ережесі**

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін мектептердегі өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен 5-10 сынып оқушыларына арналған «Тіл - тәуелсіздік тұғыры» республикалық олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданы ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері қарым-қатынас, зияткерлік және рухани даму құралы ретінде мемлекеттік тілді меңгеруге қызығушылық танытатын, лингвистикалық бағытындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

Олимпиада қатысушылары

4. Олимпиадаға қазақ мектептерінде оқымайтын, ұлты қазақ емес өзге ұлт өкілдерінен 5-10 сынып оқушылары қатыса алады.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5. Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

6. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың қашықтықтан өткізілуіне тікелей басшылықты жүзеге асырады, Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды.

7. Қазақ тілі бойынша олимпиада тапсырмалары (бұдан әрі - Олимпиадалық тапсырмалар) негізгі жалпы және жалпы орта білім беру бағдарламаларының мазмұнына, пәнді тереңдетіп оқыту деңгейіне негізделіп, әрбір сынып үшін әзірленеді.

8. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың жұмыстарын бағалайды, Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

9. Олимпиада қашықтықтан, онлайн режимде өткізіледі.

Қатысушылар www.games.daryn.kz платформасындағы (бұдан әрі - Платформа) өздерінің жеке кабинетіне кіріп, олимпиадаға қатысуын растауы керек. Жеке кабинеті болмаған жағдайда, қатысушылар ең алдымен Платформада тіркелуі қажет.

10. Қатысу жөніндегі нұсқаулық Олимпиада басталғанға дейін 1 апта бұрын ұйымдастырушының сайтында орналастырылады.

11. Олимпиада тапсырмаларының орындалуына 120 минут бөлінеді:

- лексика-грамматикалық бөлім - 70 тапсырма;

- оқылым - 50 тапсырма.

12. Қатысушылар өз Олимпиадалық тапсырмаларын белгілі бір уақыт ішінде орындай алады. Қатысушыларға тек компьютер немесе ноутбук және Google Chrome браузері қолдану ұсынылады.

Олимпиаданы өткізу барысында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшіліктері әр аудиторияға кемінде екі жалпы көрініс камерасын орнатуды қамтамасыз етеді.

13. Нәтижелер тестілеу аяқталғаннан кейін 14 күнтізбелік күн ішінде жарияланады. Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушылар жеке кабинеттеріне кіріп, өз нәтижелерін www.games.daryn.kz сайтында тексере алады.

YouTube-трансляция сілтемелерін жинау және оларды «Дарын» РҒПО-на ұсыну жауапкершілігі өңірлік «Дарын» орталықтарына жүктеледі.

14. Олимпиаданың қорытындысы бойынша апелляция қарастырылмайды.

Қорытынды шығару және марапаттау

16. Олимпиада қорытындысы бойынша қатысушылардың жалпы санынан 45% марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің дипломына оқушыны олимпиадаға дайындаған мұғалімінің аты-жөні, тегі қоса жазылады. Барлық қатысушыға электронды үлгідегі сертификаттар беріледі.